

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 10 наурызда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі
М.М. Мырзағалиевке**

Депутаттық сауал

Құрметті Мағзұм Маратұлы!

Бүгінгі таңда қалалардағы ауаның ластануы дереу шешуді қажет ететін ең әлеуметтік сезімтал мәселелердің бірі болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебіне сәйкес, жыл сайын әлем бойынша 4,2 миллион өлім атмосфералық ауаның ластануының теріс әсерінің нәтижесі болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, ауаның жаһандық ластануы өмір сүру ұзақтығын орта есеппен бір жылға қысқартады.

Нашар ауа тыныс алудың қиындауына, елтігу, жөтел, астма мен жүрек аурулары, өкпе қатерлі ісігінің нашарлауына әкелуі мүмкін.

Ауа ластануының теріс әсерін болдырмау үшін атмосфераның жай-күйіне ластанудың экологиялық мониторингісі жүргізіледі. Менің ойымша, халыққа сапалы және сенімді экологиялық ақпарат беру қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарының бірі болуы керек.

Қазақстанда ауаның тұрақты ластану дәрежесін анықтау үшін атмосфераның ластану индексі бойынша есептеліп (ИЗА), деректер «Қазгидромет» бюллетенінде жылына тек бір рет қана жарияланады.

Ал АҚШ, Канада, Қытай, Еуропа елдерінде халыққа деректерді ұсыну кезеңділігі бір сағаттан бір тәулікке дейін максимум болатын Ауа сапасының индексі (Air Quality Index) пайдаланылып, негізінде келесі ластаушы заттар

өлшенеді: PM_{2,5} және PM₁₀ қатты бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, озон, көміртегі оксиді.

Дамыған елдерде атмосфера сапасының көрсеткіштері тұрғындарды ластану деңгейі туралы жиі хабардар етеді, ал басымдық ретінде адамдардың ауа жағдайына байланысты күндерін жоспарлай алатындай етіп ақпараттандыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан Қазақстан жалпы көріністен анықталатын заттардың жиілігі мен құрамы бойынша ерекшеленеді.

Сонымен қатар, 2015 жылы ескі санитарлық-эпидемиялық нормативтердің орнына ластаушы заттардың жаңа шекті рұқсат етілген концентрациясы қабылданған. Оның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ауа сапасының ұсынылатын параметрлеріне сәйкес келмейтін PM_{2,5} және PM₁₀ зиянды заттары үшін шекті рұқсат етілген концентрациялар енгізілген.

Мәселен, біздің нормативтерімізде жоғарыда келтірілген PM_{2,5} бойынша орташа тәуліктік көрсеткіштер Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынғаннан 28,5%-ға жоғары.

Аталған санитарлық-эпидемиялық нормативтер өзгерген кезде кейбір зиянды заттар бойынша көрсеткіштер мөлшері төмендеді, бұл қалалардағы атмосфералық ауаның жай-күйін анықтау жөніндегі деректердің бұрмалануына әсер еткен факторлардың бірі болып табылды.

Атап айтқанда, мен формальдегидтің шекті рұқсат етілген концентрациясына назар аударамын, оның орташа тәуліктік мөлшері 0,03-тен 0,1 мг/шаршы метрге дейін, яғни 3 есе көп.

Мысалы, жаңа шекті рұқсат етілген концентрациясы қабылданғаннан кейін Алматы қаласының Ауаның ластану индексі ИЗА 12-ден (2013 жыл) 8-ге (2015 жыл) дейін төмендеді. Яғни, іс жүзінде ауа «қағаз бетінде» жақсарды.

Құрметті Мағзұм Маратұлы!

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, келесі мәселелерді қарастыруды сұраймыз:

Біріншіден, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған параметрлерге PM_{2,5} және PM₁₀ бойынша шекті рұқсат етілген концентрациясын сәйкестікке келтіруді. Ол үшін Денсаулық сақтау министрлігімен бірге алдағы уақытта қажетті ғылыми жұмыс жүргізу арқылы қолданыстағы нормативтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек деп есептейміз;

Екіншіден, азаматтарды неғұрлым сапалы және өзекті экологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ ластанудың жоғары деңгейі кезінде халықтың денсаулығын қорғау үшін қажетті әдістемені қабылдау арқылы тиісті

халықаралық тәжірибеге сәйкес Ауа сапасының индексіне (Air Quality Index) көшуді жеделдетуді қарастыруды сұраймыз.

Жауапты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен,

**«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаттары**

Е. Абақанов

М. Ахметов

Ғ. Елеуов

Е. Жаңбыршин

А. Қожахметов

Ғ. Ташқараев